

**Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 2 қарашадағы № 225 "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының Есіл ауылдық округі әкіміне кандидаттардың таңдаушылармен кездесулер өткізу үшін үй-жайды ұсыну және үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар анықтау туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 3 мамырдағы № 90 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 мамырда № 5391 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабы 3-тармағына, 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 2 қарашадағы № 225 "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының Есіл ауылдық округі әкіміне кандидаттардың таңдаушылармен кездесулер өткізу үшін үй-жайды ұсыну және үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар анықтау туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3441 болып тіркелген, 2015 жылғы 16 қарашада "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мыналарды Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тіліндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Солтүстік Қазақстан облыстық филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

3) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Тимирязев ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Тимирязев ауданының әкімі*

*Н. Кеңесов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Тимирязев аудандық сайлау  
комиссиясының төрағасы

\_\_\_\_\_ С. Байдалина

2019 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК